

6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия ғылымының докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «Университеттік білім беру жағдайында бакалаврларды жобалық іс-әрекетке кәсіби дайындау» тақырыбы бойынша Савельева Виктория Вячеславовнаның диссертациясына

АҢДАТПА

Зерттеудің көкейкестілігі. Жаһандану үрдісі, интеграция және инновациялар мен жаңа технологиялардың дамуын ынталандыру, нарықтық экономиканың қалыптасуы жағдайында Қазақстандағы білім беру жүйесін жаңарту және жаңа білім беру саясатының негізгі бағыттары адами капиталды экономикалық өсудің негізі және елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру құралы ретінде қарастырады.

Ұлттық мүдделерді көрсете отырып, жаңа білім беру парадигмасы кез-келген деңгейдегі кәсіби білім беру ұйымдары үшін, оның ішінде университеттер үшін де, түлектердің де алдына еңбек нарығында сәтті бәсекелестікке және сұранысқа ие, қазіргі жағдайға икемді, жоғары білікті кадрларды даярлаудағы жауапкершіліктің стратегиялық міндеттерін қойып отыр. Өмір бойына жаңашылдық пен білімге қабілетті, өзін-өзі дамытып, міндеттерді шеше отырып, орындай алатын жеке тұлғаны қалыптастыру, бүгінгі таңда кәсіптік білім бакалаврының өзінің білім алу жолын таңдаудағы еркіндігін арттыру жолында жүзеге асырылады.

Мұндай жағдайда адамзаттың ғаламдық мәселелерін шешу және студенттердің жеке қажеттіліктерін қамтамасыз ету тұрғысынан бакалаврларды даярлау тәсілдерін нақтылау қажеттілігі айқын көрінеді. Сонымен бірге, жобалау технологиясы негізінде университеттік білім беру жағдайында арнайы ұйымдастырылған, зияткерлік ресурстар мен жеке студенттердің болашақта дамуында ең нәтижелі деп танылған бакалаврлардың жобалық белсенділігінің рөлі айтарлықтай артады.

Университеттік білім беруде жобалық технологиясын қолдану кәсіби білім алудың жаңа траекториясы түрінде және қажетті ақпаратты өз бетінше жинау, болжамдар жасау, қорытындылар жасау мен ұсыныстар беру дағдыларын қалыптастыру түрінде қарастырылуы мүмкін.

Оқуға деген жобалық көзқараста студент білімді, инертті емес тұтынушыға айналады, бірақ мәселені тұжырымдай алатын, оны шешудің жолдарын талдай алатын, оңтайлы нәтиже тауып, оның тиімділігін негіздей алатын, оқушының жеке басын оңтайлы ашуға, оның шығармашылық, аналитикалық, ынталандырушы және жобалық және зияткерлік қабілеттері мен дағдыларының дамуына мүмкіндік беретін белсенді жасаушысы болып табылады.

Осылайша, жобалық қызмет университеттік білім беру процесінде ерекше өзекті болып табылады, өйткені бакалавр тұлғасының шығармашылық әлеуетін ашуға, дамытуға, іске асыруға мүмкіндік береді. Жобалық қызметті пайдалану мүмкіндігі - бұл мұғалімнің жоғары біліктілігінің көрсеткіші, оның ХХІ ғасырдың ақпараттық

технологияларымен байланысты, заманауи қоғамдағы адам өмірінің тез өзгеріп отыратын жағдайларына бейімделу мүмкіндігін беретін оқытудың прогрессивті әдістері болып табылады.

Берілген бағыттағы ғылыми зерттеулерді талдау, ғалымдардың жобалық қызмет проблемасының әр түрлі аспектілеріне әр түрлі қызығушылықтарын көрсетті. Жобалық іс-әрекет теориясы мен практикасының философиялық және әдіснамалық негіздерін С.И. Гесс , Дж.Дьюи, Э. Коллингс , В.Х. Килпатрик, С.Т. Шацкий және т.б. зерттеген. Білім беру саласындағы жобалық іс-әрекеттің мәні мен мазмұнды сипаттамаларын Н.Г. Алексеев, О.С. Анисимов, В.П. Беспалко, Т.Ю. Қаратаева, И.А. Колесникова және басқалар өз еңбектерінде қарастырған.

Бірқатар зерттеушілер (В.В. Гузеев, М.В. Кларин, Е.С. Полат және басқалар) жобалық іс-әрекет пен жобалық дайындық арасындағы байланысты қатар қарастырады. Мұны студенттердің әдістемелік білімін, дағдылары мен өзіндік білімін игеруіне ықпал ететін тұтас білім беру технологиясы ретінде қарастырды, және зерттеу біліктері мен дағдыларын, әлеуметтік дағдыларын дамыту құралы ретінде қарастырды. Ал, В.С. Павлов жобалық технологияның инновациялық әлеуетін бакалаврларды кәсіби даярлау үлгісі ретінде ашып көрсетті. Соңғы жылдары ғалымдардың: В.А. Дмитриев, Б.С. Лазарев, В.П. Сергеева, В.А. Ясвин және басқалар зерттеген білім беру ортасын, білім беру жүйелерін және білім беру бағдарламаларын инновациялық жобалауға арналған көптеген кең көлемді технологиялары көпшілік назарын аударып отыр.

Болашақ жұмысқа орналасушы студенттерді университеттегі жобалық жұмыстарға тартудың әртүрлі бағыттары туралы Х.А. Бреднева, О.В. Голубева, И.А. Дралюк, Е.Е. Дымовой, Н.В. Емельянова және т.б. зерттеу жұмыстары бар.

Ғылыми қоғамдастықта университетте бакалаврларды жобалық іс-әрекетке кәсіби дайындаудың әртүрлі аспектілеріне арналған бірқатар ғалымдардың жұмыстары бар: О.С. Кудинова, А.П. Поздняков, С.Ю. Савинова, Л.Г. Скульмовская және т.б.

Кәсіптік даярлаудың оқу тәжірибесі туралы әдебиеттер мен кол жетімді мәліметтерге теориялық талдау жасай келе, болашақ бакалаврлардың оқу үдерісінде жобалық іс-әрекетті жүзеге асыруы, ғылыми талдаудың қажеттігінен туындап отырған маңызды мәселелерде өзекті болып табылады.

Зерттелетін осы мәселе бойынша, ғылыми зерттеулердің жеткіліксіздігі, шығармашылық және таңдалған мәселені шешуде бірқатар ғылыми қарама-қайшылықтарды шешуге алып келді:

- еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға қойылатын талаптардың артуы мен жұмыс берушілердің жоғары оқу орындарының түлектеріне қанағаттанбауы;

- университеттік білім беру жағдайында қойылатын жобалық іс-әрекетке бакалаврларды кәсіби дайындау үшін, нақты тәжірибенің қажеттілігі мен

теориялық-әдістемелік негіздеме және ғылыми-әдістемелік бағытының төмендігі.

Анықталған қарама-қайшылықтар диссертациялық зерттеудің негізгі өзектілігі, жоғары оқу орнында бакалаврларды жобалық іс-әрекеттерге кәсіби дайындаудың негізгі педагогикалық алғы шарттары қандай ? деген мәселені зерделеу қажеттілігін проблема етіп көрсетеді

Зерттеу мақсаты: университеттік білім беру жағдайында жобалық іс-әрекетке бакалаврларды кәсіби даярлауды теориялық және әдіснамалық тұрғыда зерделеп, әдістерін ұсыну.

Зерттеу нысаны: - университеттің тұтас педагогикалық үдерісі.

Зерттеу пәні: - болашақ бакалаврлардың жобалық іс-әрекеті.

Зерттеудің жетекші идеясы. Бакалаврларды шығармашылық жобалық іс-әрекетке кәсіби дайындау қажеттілігі ең алдымен, студенттерге қоғамның әлеуметтік-мәдени тәртібінің талаптарына сәйкес туындап отырған жаңа саналық бағыттың, университеттің білім сапасын жоғарғы деңгейде қамтамасыз етудің басты шарты болып табылады.

Зерттеу болжамы: болашақ бакалаврларды университеттік білім беру аясында жобалық қызметке кәсіби дайындау сәтті болады, егер:

- университеттік білім беру жағдайында жобалық қызметті қалыптастыруда бакалаврларды кәсіби даярлауға негізделген теориялық - әдіснамалық келістер теориялық негізделсе;

- университеттік білім беру жағдайында жобалық іс-әрекетке бакалаврларды кәсіби дайындаудың теориялық моделі кәсіби қызметтің жаңа міндеттері мен оқуға әсер ететін танымдық процестердің тетіктерін ескере отырып әзірленіп және сыналса;

- жобалық іс-әрекетке бакалаврларды кәсіби дайындау процесі оның психологиялық-педагогикалық компоненттерін және осы процесті қамтамасыз ететін педагогикалық шарттарды ескере отырып, арнайы білім беру қызметіне бөлінсе;

- университеттік білім беру жағдайында жобалық іс-әрекетке бакалаврларды кәсіби дайындаудың әдістемесі жасалса және сыналса.

Ұсынылған болжамды тексеру үшін келесі зерттеу міндеттерін шешу қажет:

1. Жобалық іс-әрекетке бакалаврларды кәсіби даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау;
2. Университеттік білім беру жағдайында жобалық іс-әрекетке бакалаврларды кәсіби даярлау моделін құру;
3. Университеттік білім беру жағдайында жобалық іс-әрекетке бакалаврларды кәсіби дайындаудың педагогикалық шарттарын анықтау және теориялық негіздеу;
4. Бакалаврларды жобалық іс-әрекетке кәсіби дайындаудың әдістемесін жасап, оны тәжірибелік-педагогикалық жұмыстарында сынақтан өткізу.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері жобалық іс-әрекеттің әдіснамасы туралы маңызды ережелер болып табылады (А.В. Леонтьевич, Н.В. Новожилова, Ю.М. Резник т.б.); сол сияқты жобалық іс-

әрекеттің және жобаны басқарудың теориялық тұжырымдамалары (Дж. Дьюи, В.Х. Килпатрик, А.Кофман, Н.В. Матяш, А.М.Новиков, Н.Ю. Пахомова, Е.С. , В.Д.Симоненко, С.Т.Шацкий, т.б.); кәсіптік білім берудің теориясы мен әдістемесі (С.А. Батышев, Н.Н. Хан, Н.Д. Хмель, М.Н. Сарыбеков және т.б.); жоғары кәсіби білімнің қалыптасуы мен дамуының заманауи тұжырымдамалары (Архангельский С.И., Х.М. Хмель, Д.М. Маллаев, Ю.Г.Татур және т.б.); жобалық қызметті ұйымдастыру дағдыларында кәсіптік білім бакалаврларын даярлаудың мазмұнына, формаларына, әдістері мен технологияларына ғылыми көзқарастар (Х.А. Бреднева, О. И. Ваганова, Джефф Сазерленд, И. В. Казаченко, Е. С. Полат, Н. Ф. Тализина, Н.В.Хапилина, М.А.Чошанов, И.С. Якиманская, Ю.А. Якуба және т.б.).

Зерттеу әдістері: теориялық (талдау, синтез, салыстыру және жалпылау), байқау (тікелей және жанама байқау); праксиметрлік (нормативтік, оқу және әдістемелік құжаттаманы, жобалық қызмет өнімдерін талдау); эмпирикалық (әңгімелесу, тестілеу, сұрақ қою, сараптамалық бағалау); өз тәжірибесін ретроспективті талдау; педагогикалық модельдеу; педагогикалық эксперимент; алынған мәліметтерді сапалы және сандық талдау әдістері мен математикалық статистика және нәтижелерді өңдеудің графикалық әдістер қолданылды.

Зерттеу кезеңдері:

Бірінші кезеңде (2016-2017 жж.) университеттік білім берудің теориясы мен тәжірибесіндегі мәселенің даму деңгейі анықталды; бакалаврларды жобалық қызметке дайындаудың тәжірибелік танысуы жүргізілді; зерттеу мәселесіне әдістемелік көзқарастар анықталды; зерттеу әдістері жасалды, эмпирикалық материалдар жиналды.

Екінші кезеңде (2017-2018 жж.) зерттеу мәселесінің теориялық - әдіснамалық негіздері талданды, модель жасалды және оны іске асырудың шарттары ұсынылып, әдістеме жасалды және оңтайлы тетіктері анықталды; эксперименттік жұмыс барысында негізгі идеялар мен ережелер сыналды.

Үшінші кезеңде (2018-2019 жж.) теориялық тұжырымдар мен практикалық ұсыныстар жүйеленді; зерттеу мәселесі бойынша оқу құралы дайындалып, докторлық диссертация түрінде жұмыс нәтижелері шығарылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы :

1. Университеттік білім беру жағдайындағы проблемаларды объективті шындық және ашық динамикалық дамушы үдеріс ретінде зерттеуге ықпал ететін теориялық – әдіснамалық келістер (тұлғаға бағытталған, жүйелік, құзыреттілікке негізделген, коммуникативті-ақпараттық) анықталды.

2 «Жобалық іс-әрекет» феноменін білім беру, танымдық және ғылыми-шығармашылық қызмет ретінде зерттеудің маңыздылығы мен орындылығы дәлелденді, ол жасалатын өнімнің немесе қызметтің бірегейлігін және жобалық іс-әрекетке бакалаврларды кәсіби даярлау моделі жасалды;

3. Университеттік білім беру жағдайында жобалық іс- әрекетке бакалаврларды кәсіби даярлаудың педагогикалық шарттары ұсынылып , негізделген;

4. Жобалық іс-әрекетке бакалаврларды кәсіби дайындаудың әдістемесі жасалынып, тәжірибелік-педагогикалық жұмыстарында сыналды.

Жұмыстың теориялық маңыздылығы студенттердің жобалық іс-әрекеті саласындағы ерекшеліктері мен жоғары оқу орнында бакалаврларды кәсіби даярлаудағы маңыздылығы тұрғысынан әдістемелік тәсілдермен және дамуымен анықталады. Бакалаврлардың жобалық іс-әрекеті, оның құрылымы және объектілері туралы идеяларды кеңейту арқылы кәсіптік білім берудің теориясы мен әдістемесі саласындағы ғылыми білімді арттыру. Бакалаврларды жобалық қызметке кәсіби дайындау тәсілдерін және оның қалыптасу процесін жетілдіру. Университеттік білім беру жағдайында бакалаврлардың кәсіби дайындығына белгілі бір үлесін қосып, жобалық қызметке бакалаврларды кәсіби даярлау теориясын толықтыру және байыту, білім, ережелер мен зерттеу идеяларын жүйелеу. Зерттеудің негізгі ғылыми және теориялық ережелері, тұжырымдары мен ұсыныстары кәсіби педагогика теориясы мен практикасы үшін белгілі бір қызығушылық тудырады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы оның 5B012000 - «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша университеттік білім беру контекстінде жобалық іс-әрекет бойынша бакалаврларды кәсіби даярлау сапасын жоғарылатуға бағытталғандығымен анықталады. Оқу пәні әзірленіп, тексерілді, оны жан-жақты оқу-әдістемелік қамтамасыз етілді. Зерттеу материалдары жобалық қызметті қолдана отырып, университеттік білім беруде бакалаврларды кәсіби даярлау үшін практикалық сабақтарды жасауда, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарында, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту процесінде қолданыла алады. Жобалық іс-әрекетке бакалаврларды кәсіби дайындаудың дамыған моделі 4 курс студенттеріне арналған «Жобаларды басқару» арнайы курсы бар Еуразия технологиялық университетінің (ЕТУ) оқу процесіне енгізілді. “Жаттықтырушыны(коуч) жобалау ,студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру” ғылыми – әдістемелік құралы баспадан шыққан.

Алынған нәтижелердің сенімділігі мен негізділігі зерттеудің мақсатына, міндеттеріне және логикасына сәйкес келетін әдістер жиынтығын қолдану. Түрлі ақпарат көздері. Университеттің оқу процесінде зерттеудің негізгі ережелерін теориялық дамыту және тәжірибелік тексеру. Эксперименттің әртүрлі кезеңдеріндегі эмпирикалық және эксперименттік мәліметтерді сандық және сапалық талдау нәтижелері зерттеу әдіснамасымен және қойылған міндеттерге сәйкес бастапқы теориялық қағидалармен қамтамасыз етіледі.

Басылымдар. Диссертацияның мазмұны 23 ғылыми жұмыста көрініс тапты, оның ішінде: 1 - ғылыми және әдістемелік құрал; 4 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми журналдарда; 2 - Scopus

мәліметтер базасына енгізілген ғылыми басылымда; 1 - Thomson Reuters мәліметтер базасына енгізілген; 11 - халықаралық конференциялардың материалдарында, 2 - шетелдік ғылыми журналдарда; 2 - «Еуразия технологиялық университетінің хабаршысы» ғылыми журналында.

Журнал «Opción», Año 35, No. 88 (2019), ISSN 1012-1587 / ISSNе: 2477-9385; в журнале «AD ALTA» Journal of Interdisciplinary Research The authors (june, 2019), ISSN 1804-7890, ISSN 2464-6733; Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Педагогические науки», Алматы, 2019, №1(61); Известия Национальной Академии Наук Республики Казахстан, Серия «Общественных и гуманитарных наук», Алматы, 2018, №2 (318); Материалы Международной научно-практической конференции «Инновации в науке, образовании и производстве Казахстана», Алматы, 2016; Материалы Международной научно-практической конференции «Научно-педагогический поиск в современном мире», Алматы, 2016; Материалы Международной научно-практической конференции «Инновации в науке, образовании и производстве Казахстана», Алматы, 2016; Материалы Республиканской научно-практической конференции молодых ученых, Алматы, АТУ, 2018; Материалы Международной научно-практической интернет-конференции, Переяслав-Хмельницкий, 2019; Материалы Международной научно-практической конференции, Белгород, 2019; Материалы Международной online-конференции, Тараз, «Өрлеу» институт повышения квалификации педагогических работников по Жамбылской области, 2017.

Диссертацияның құрылымы. Жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Диссертациялық зерттеу жұмысының кіріспесінде университеттік білім беру жағдайында жобалық іс-әрекетке бакалаврларды кәсіби даярлау мәселесінің өзектілігі, оның мақсаттары мен міндеттері көрсетілген. Зерттеу мәселесінің ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңызы көрсетілген. Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалығы және теориялық практикалық маңызы ашылған.

«Жобалық іс-әрекетке бакалаврларды кәсіби даярлаудың теориялық - әдіснамалық негіздері» атты бірінші бөлімде, университеттік білім берудегі бакалаврлардың жобалық іс-әрекетін ұйымдастырудың әдіснамалық сипаты, құрылымы, объектілері және кезеңдері көрсетілген. Университеттік білім берудегі бакалаврлардың жобалық іс-әрекетін қалыптастырудың әлеуметтік - экономикалық алғышарттарының талдаулары жасалған.

«Университеттік білім беру аясындағы бакалаврлардың жобалық іс-әрекетінің психологиялық-педагогикалық негіздері» атты екінші бөлімде, Қазақстанда және шетелдік университеттерде білім беру аясындағы жобалық іс-әрекеттің тарихи-педагогикалық аспектілері ашылады. Бакалаврлардың психология-педагогикалық ерекшеліктері қарастырылады. Бакалаврлардың жобалық іс-әрекетін қалыптастыру процесінің құрылымдық мәні бар моделі жасалды. Модельдің сәтті жүзеге асуына ықпал ететін

педагогикалық шарттар ұсынылған. Бірлескен білім беру бағытында жобалық іс-әрекетті қалыптастырудың маңызды шарты ретінде студенттерге бағытталған оқытудың ерекшеліктері ашылды.

Үшінші бөлімінде, **«Университеттік білім берудегі бакалаврлардың жобалық іс-әрекетін қалыптастырудың педагогикалық - тәжірибелік жұмысы»**, университеттік білім беру жағдайында бакалаврлардың жобалық іс-әрекетін қалыптастыру процесінің моделін және оны жүзеге асырудың педагогикалық шарттарын тәжірибелік тексеруге арналған. Бакалаврлардың жобалық іс-әрекетін қалыптастыру әдістемесі беріледі (Еуразиялық технологиялық университет және Алматы технологиялық университеті). Сондай-ақ университеттік білім беру жағдайында жобалық іс-әрекетін енгізу бағдарламасы негізінде екі қазақстандық университетте сыналған диагностикалық зерттеу нәтижелері сипатталған.

Диссертацияның қорытындысында зерттеу нәтижелері шығарылып, негізгі тұжырымдар мен ұсыныстар жасалынды.